

ҚАЗАҚТЫҢ КҮРЕСКЕР ХАНЫ - АРЫНҒАЗЫ

Абдималикова Айнур

abdimalikova23@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 4-курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент Қ.Қ.Батталов

XIX ғасырдың басында қазақ халқы ауыр кезеңдерді бастан кешірді. Бірыңғай орталықтандырылған хандық түріндегі дәстүрлі мемлекеттіктен айырылған және үш жүзге бөлінген халық, патшалық Ресеймен және ортаазиялық хандықтардың (Бұхара, Қоқан және Хиуамен) тарапынан болған қысымға қарсы қорғануға барлық күш-жігерін жұмсады. Мұндай сын сағатта қазақ халқының ұлт болып сақталып қалуы мәселесі төтесінен қойылған болатын. Кіші жүзге көрші орналасқан Хиуа хандығы қазақтардың басына түскен ауыр жағдайын өз пайдасына асыра білді. Ол Сырдария және Маңғышлақ қазақтарын бағындыруға, оларға салық салуға, Ресейге қарсы күресте мұсылмандардың "дінсіздерге" қарсы қасиетті соғысында пайдаланбақшы болды. Тонаушылық шабуылдар жасай отырып, хиуалықтар Ембі мен Мұғалжарға дейінгі аймаққа жеткен болатын. Осындай күрделі жағдайда Кіші жүздің хан-сұлтандары көрші мемлекеттердің қысымынан сақтану үшін күшті мемлекеттік бірлестік құрып, экономикалық және саяси дағдарыстан шығудың жолын іздей бастады.

XIX ғасырдың басында мұндай әрекетке барған сұлтандардың қатарында Арынғазы Әбілғазыұлы да болды. Ол 1785 жылы белгілі ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Оның атасы Қайып Жадықтың тармағынан тараған Батыр сұлтанның ұлы болды. Арынғазы сұлтанның әкесі Әбілғазы 1797 жылы шекті руының және Сырдарияның төменгі жағында және оның Жаңадария, Іңкәрдария және Қуандария сағаларының бойында өмір сүрген қарақалпақтардың бір бөлігінің ханы болып сайланды. Ұлыстың ордасы ретінде оғыз жабғыларының астанасы болған Жанкент қаласы танылды.

Арынғазы жас кезінде Бұхарада білім алып, арабша оқу-жазуды үйреніп, шарифат талаптарын қатаң ұстанатын мұсылманға айналды. Басқа төре-сұлтандарға қарағанда ол үнемі басына сәлде орап жүретіндігімен көзге түсті. Ол домбырада тамаша ойнады, өте тартымды келбетке ие болды. Арынғазының көзімен көрген куәгерлердің бірі Ресей Бас штабының капитаны Е.К.Мейендорф: «Сұлтанның келбеті жақсы, үлкен әдемі қара көздері, жағымды және байсалды келбеті бар. Ол бізге өте парасатты адам ретінде жақсы әсер

қалдырды. Оның барлық істері, мақсаты, жоспарлары қарапайым халықтан әлдеқайда биік тұрған адам екенін көрсетеді. Ол қатаң, бірден әрекет етуге бейім, қоғамды тани білетін қызметкер», - деген болатын [1].

XIX-ғасырдың 20-жылдары қазақ даласы арқылы орыс елшілігінің құрамында болып, Бұқара хандығына барған капитан Е.К.Мейендорф Арынғазы Әбілғазыұлы туралы деректерді жинақтап, сұлтанның өз аузынан естіген мәліметтерді қоса пайдалана отырып, оның ата шежіресін жасайды. Ол бойынша, Батыр сұлтанның Қайып сұлтан, одан Әбілғазы сұлтан мен Шерғазы сұлтан тарайды. Әбілғазыдан Арынғазы, ал Шерғазыдан Жанғазы туады. Өкінішке орай, орыс үкіметі Батырды, Қайыпты, Әбілғазы мен арынғазыны да «хан» деп мойындамай, үкіметтің жүргізіп отырған саясатына байланысты «сұлтан» деп қана мойындайды. Арынғазы Әбілғазыұлының ата-бабалары қазақ тарихында терең із қалдырған тұлғалар. Оның өзіне дейінгі жеті атасы – Әбілғазы, Қайып, Батыр, Қайып, Есім, Сығай, Жәнібектер хан болған. XVIII-ғасырдағы беделді тұлғалар – Семеке, Әбілмәмбет, Абылай хандармен оның атасы Есім ханнан, ал Барақ сұлтанмен атасы Сығай ханнан қосылады. Аталған ұрпақтардың барлығы өздерін Жәдік сұлтанның тараймыз деп есептеген Әбілқайыр ханның әулеті Жәдіктің бауыры Өсік сұлтанның тараған ұрпақтар болып табылады. Мұның барлығы Арынғазының ата тегі оның хан болуына ешқандай кедергі жоқ екенін көрсетеді. Оған қоса, Арынғазы да өзінің бабалары тәрізді елі мен жерін, мемлекетін сақтап қалып, қазақ халқын айналасына топтастыра да білді.

1816 жылы сәуірде әкесі қайтыс болғаннан кейін Жанкент қаласында 7 мыңға жуық адам қатысқан құрылтайда Кіші жүздің шекті, қаракесек және төртқара-сейітқұл руының ханы болып сайланды. Ежелгі дәстүр бойынша оны ақ киізге көтеріп, алтын және күмістен шашу шашқан. Сыртқы саясатта Арынғазы өз назарын Бұқара мен Ресейге бағыттап, аймақтағы екі мемлекеттің геосаяси мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып және олардың көмегімен Кіші жүздің ханы болуға ұмтылады.

Халықтың көсеміне айналған Арынғазы осы жылы Орь өзенінде Кіші және Орта жүздің ақсүйектерін жинап, өзара араздықты тоқтатуға шақырды. Бұл ретте ол қазақтар мен билердің әдеттегі құқығына ғана емес, шарифат пен қазылардың нормаларына сүйенді. Арынғазы шекті, қаракесек және төртқара, әлімұлы мен шөмекей руларын, шөмекей руы мен алтын-жаппас, тама, табын және жағалбайлы руларын татуластыра білді.

Патша үкіметі тарапынан қолдау алуға ұмтыла отырып, ол Бұқара және Ресей сауда керуендерінің қауіпсіздігіне көп көңіл бөлді. Мысалы, 1820 жылдың күзінде Ресей СІМ қызметкері, нақты статистикалық кеңесші А. Ф. Негри бастаған Бұқарадағы ресейлік елшілікті алып жүрді. Арынғазы ханның жалғыз портретін жасаған П.Л. Яковлев миссияның хатшысы ретінде тағайындалды. Делегация басшысы Негри «бұл сұлтан ар-намыс қағидаларымен қызмет, әділдік пен батылдықты байланыстырады» деп атап өтті [2]. Арынғазының беделі Орынбор әкімшілігінен демеу алғаны Шерғазы ханды Кіші жүздегі негізгі билікті нығайтуға ұмтылдырды. Сондықтан да, Шерғазы хан Орынборда кездесуде міндеттелген істердің орындалуын қадағалап, Ресей үкіметінің алдында өзін-өзі ақтап алу үшін Орынбордан Бұқараға, Хиуаға баратын немесе ол жақтан кері шығатын керуендердің дер кезінде жетуін ұйымдастыруға тырысқан болатын Кіші жүздің территориясы Ресей үшін Орта Азия хандықтарына шығатын бірден-бір жол еді. Мұны түсінген Ресей де, қазақ хандары мен сұлтандары да, Орта Азия хандықтарының билеушілері де өз саясатын саудасаттық арқылы жүргізді. Шерғазы, Қаратай, Арынғазы хандар бұны жақсы түсінді.

Арынғазының Кіші жүздегі беделі өсіп, көптен күткен бейбітшілік пен тыныштық орнаған болатын. Халық оны «Тыным-хан» деп атады. Оның Сырдариядағы хандығы Ресей мен Хиуа арасындағы буфер ретінде қызмет етеді, бірақ Арынғазы Хиуадан гөрі Ресейдің көмегіне көбірек арқа сүйеді, өйткені Бұхарадан нақты көмек алған жоқ еді.

1817 жылы Арынғазы шекара билігінің бастамасы бойынша Кіші жүздің Хандық кеңесінің төрағасы болып сайланды. Ол Шерғазы ханнан кейінгі екінші адам ретінде болғанымен де, іс жүзіндегі барлық билік оған тиесілі болған еді. Осы жылы 26 тамызда Кіші жүздің сұлтандары, билері мен старшындары мен Орта жүздің бір бөлігі Орынбор әскери

губернаторы генерал-лейтенант П. К. Эссенге елге «пайдасы» жоқ Шерғазы ханның орнына халықтың сүйенішіне айналған Арынғазыны ресми түрде хан ретінде бекіту туралы өтініш білдірді. Алайда, әккі, қу Шерғазы хан да жай отырмай, Санкт-Петербургке Арынғазы мен Эссеннің атына жала жауып, өзіне қарсы жасалған әрекеттерге қатысты шағымданады. Сонымен қатар, Шерғазы қазақ халқының ата жауы саналған хиуалық Мұхаммед-Рахым ханды Арынғазының қол астындағы сырдариялық қазақтарға шабуыл жасауға итермелейді. Оның бұл ойы сәтті түрде жүзеге асырылады. Хиуа ханы Шерғазы сұлтанды бұл жолы өзіне тартып, Арынғазыға қарсы қоюға ұтымды жағдай туғанын пайдаланады. Арынғазының Хиуаға бас имейтініндігіне көз жеткізген Мұхаммед Рахым енді ағайындар арасындағы жікті өз пайдасына асырмақшы болады. Арынғазы ханды әлсірету мақсатында Хиуаға тиімді болатын сұлтандарды Сырдария қазақтарының ханы деп атай бастайды. Бұған дейін Хиуа ханы Арынғазыны «хан» тағайындаймын деп өз еліне шақырғанымен, кезінде Мұхаммед Рахым өзіне «қарсылас» деп санайтын 60 қазақ басшысын Хиуа бекінісінде өлтірілгенін білген Арынғазы бұл шақыруды қабыл алмайды. Осы оқиғадан соң, Арынғазы мен оның немере ағасы Шерғазы арасындағы келіспеушілік жағдайлары тарихи деректерде көрініс таба бастаған. А.Ф.Рязанов «1818 жылы көктемде Арынғаз мен Шерғазы Қайыпұлы өзара ренжісіп, екіге бөлінеді. Оның себебі Хан Кеңесінің төрағасы болып алған Арынғазының Шерғазы сұлтанмен билік пен байлықты бөлісе алмауы мен шексіз билікқұмарлығынан» деп түсіндірсе, ал қазақ жерінде болып, Арынғазымен жеке таныс болған Е.К.Мейендорф оқиғаны басқаша баяндайды. Оның айтуынша, «1818 жылдың басында Шерғазы сұлтан Хиуаға келген. Хиуалықтар тұтқындағы қазақтарды босатқаннан кейін Шерғазы сұлтан Сыр бойындағы өзіне бағынышты халықты топтастырады да, 50 түйеден тұратын керуенді тонайды. П.К.Эссеннің талабы бойынша Арынғазы Шерғазыдан тоналған керуенді қайтартқызады. Осы жайттан кейін Шерғазы сұлтан Арынғазының жасаған әрекетіне риза болмай, ат басын Хиуаға қарай бұрады», - дейді [3]. Осылайша ағайындылар арасында араздық оты тұтанып, бірі Хиуаға қарай тартып, ал енді бірі Ресейдің қолдауын күтеді

Хиуалықтар 1812, 1815, 1816 және 1820 жылдары қарапайым көшпелілердің ауылдарына шабуыл жасайды. Мысалы, 1820 жылы ақпанда Мұхаммед-Рахымның өзі 12 мыңдық әскерімен Сырдарияның төменгі ағысы мен Борсық-Құмға жорық жасады. Хиуалықтар 100 елді мекенді талқандап, 350 адамды өлтірді, 800 әйел мен жас қыздарды өздерімен бірге алып кетеді. Арынғазының анасы да тұтқындалып, ал ағасы Нұрым батырды ханның өзі өлтіреді. Қазақтар 7 мың жылқы, 6 мың түйе, 2 мың бас ірі қара, 63 мың қойдан айырылады [4]. Ата-анасынан айырылған көптеген балалар қыстың суығы мен пен аштықтан қайтыс болып, жыртқыш аңдардың азығына айналады.

Арынғазының ел басқаруға қабілеттілігі Хиуа шапқыншылығына қарсы бүкіл халықтың басым біріктіруге тырысуы, Шөмекей мен Алтын-Жаппас рулары арасындағы кикілжіңдерді реттеуі кезінде анық көрінеді. Ол Орынбор әкімшілігімен қарым-қатынас орнатудағы мақсаты, хандық билік жүйесін сақтап қалу үшін жүргізілген күресі жөніндегі тарихи материалдар ашылған. Арынғазы хан орыс әкімшілігінің бейбіт қарым-қатынас жасауды көздегенімен, қазақ жерін біржола отарлау пиғылын терең ұғынғандығы, Ресейдің де, Хиуаның да оны өздерінің мүдделеріне пайдалануды көздеуіне сәйкес қазақ қайраткерінің ұрымтал қимылын да анық көруге болады. Оған анық дәлел болатын жағдай, 1819 жылы 27 шілдеде Орынбор губернаторына Шекті, Төртқара, Шөмекей, Қаракесек, Шеркеш, Адай, Беріш, Байбақты, Таз, Тана, Алаша, Масқар, Қызылқұрт, Ысық, Жаппас, Табын, Тама, Кете, Кердері руларының батыр, би-старшындары, Орта жүздің Қыпшақ-Қарабалық бөлімінен 7 адамның, Ұлы жүздегі Тоғай хан елшілерінің, Жантөре Ералыұлы, Әбілғазы пірәліұлы, Қасым Бөкейұлы, Әбілпейіз Жолбарысұлы сұлтандардың (барлығы 380 адам) қолдауымен Ресей патшасына ұсыныс жасап, Арынғазыны «хан» лауазымына бекітуді өтінгені жоғарыда айтқан пікірімізге дәлел бола алады.

Қазақ даласында орын алған шиеленіскен жағдайды көрген Азия комитеті 1821 жылы 6 мамырда Эссенге Арынғазыны Санкт-Петербургке жіберуді сұрайды. Біраз ойланғаннан кейін Арынғазы император Александр І-ге барып, Кіші жүздің заңды ханы атағын алып,

хиуалықтарға қарсы көтерілісті ұйымдастыруды көздейді. Осы жылы 6 шілдеде Арынғазы өзінің серіктестерімен астанаға жол тартады. Оны Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің екінші бөлімі қабылдайды. Арынғазы ханонда өзінің сапарының мақсаттарын баяндайды да, департамент директоры, құпия кеңесші К.К. Родофиникин және басқа да лауазымды адамдармен кездесті. 24 қарашада Ресей патшалығының СІМ тілмашы Я.О.Ярцев Азия департаменті директоры К.К.Родофиникинге: «Арынғазының жасы 35 шамасында. Оның сыртқы пішініне қарасақ, ол, ұзын бойлы, сымбатты кең жауырынды, жүрісі пан, сұлу жүзді, қалың қара шашты, шағын сақалды, ойнақшыған қара көзді, іс-әрекеті жинақы адам. Мінезі қызуқанды, сондықтан ашуланғанда жүзі күреніп, көзі қанталап, қолдары дірілдейді. Бірақ, ол өзінің қуанышын жасыра алмайды. Оның рухының ұлылығы мен ширақтығы басым және бұл үлгі тұтарлық өнегелік белгісі болып табылады. Өзгенің көзінше, ешқашан жабығып, мұңайып, қорқыныш-қауіпін сыртқа шығармайды да, аса қаталдықпен, жау-жүректілігімен ерекше көзге түседі. Сонысын көпшілік үлгі тұтады. Шығыстық үлгіде білім алған. Шамалы ғана арабша білімі болғанымен, ол өте ақылды, әрі оның ойлау қабылеті ширақ. Сөйлеген сөзінде өзіне деген сенімділік, паңдықпен қатар, қайырымдылығы, қолы ашықтығы көрінеді. Кез-келген адамға көмек көрсетуге дайын болатын адам», - дейді [5]. Арынғазы патшаның қабылдауын сұрағанымен, ол жеке тұлға ретінде оған рұқсат ала алмайды. Ресей патшалығы үшін ол, Кіші жүздің заңды бекітіліген ханы болған емес еді. Арынғазы мен оның серіктері Санкт-Петербуркте екі жыл бойына биліктің шешімін күтті

Осы уақыт аралығында елдінастанасы мен Орынбор қаласының арасында Арынғазының тағдырына қатысты қызу хат алмасулар болды. Патша үкіметі Арынғазының Хиуаға қарсы ұстанымы мен оның Мұхаммед-Рахымға қарсы қанды кегі, сондай-ақ Шерғазы ханмен арадағы кикілжіңдері ойландырып тастайды. Себебі, патша үкіметі Арынғазы Ресей мен Хиуа арасындағы соғыстың туындауына себеп болуынан қауіптеніп, өздерінің әскери күштеріне, дайындығына сенімсіздік білдіреді. Сондай-ақ, XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдің Орталық Азияға қатысты нақты ұстанымды саясаты болған жоқ және әдетте қалыптасқан жағдайға сәйкес әрекет етіп отырған еді.

Арынғазының халық арасындағы танымалдылығына көз жеткізген патша үкіметі, осындай беделді, әрі Кіші жүздегі хандық билікке жолатқысы келмей, ие болғысы келмейтін, сонымен бірге Хиуаның бітіспес жауына айналған тұлғаны Кіші жүздегі билік басына келтірмей, оны отбасымен бірге Калугаға жер аудару туралы шешім қабылдайды. Нәтижесінде 1823 жылдың аяғында Арынғазы өзінің отбасымен және серіктестерімен бірге елімен байланыса алмайтын шалғай мекенде қалып қояды. Арынғазы хан өмірінің соңына дейін, он жыл сол жақта өмір сүреді. Арынғазы хан Калуга қаласын өзіндік сипатына сәйкес ұнатады. Театрға, Калуганың қарағйлы ормандарында аңшылық құрып, қыста шанамен серуендейді. Елдегі хан ордасында оның бес әйелі қалады, дегенмен патша Николай II олардың Калугаға келуіне рұқсат бермейді. Арынғазының екінші әйелі Кенже Піралиева онымен хат алмасып тұрады. Дегенмен, 1829 жылдың мамырында мәскеулік татар көпестің он алты жасар қызы – Медине Хасановаға үйленеді. Олардың некелесуіне патша қазынадан екі мың сом қаражат бөледі. Олардың Фатима атты қызы дүниеге келеді.

1833 жылы мамырда оның ең кіші әйелі Медина Хасанова күйеуінің атынан отбасының Мәскеуге көшіруін сұрайды. 21 тамызда ол бұған рұқсат алады. Дегенмен, екі күннен кейін Арынғазы Калугада өкпе ауруынан қайтыс болып, 28 тамызда Ока өзенінің бойында орналасқан Пятницкий зиратына еш мұсылмандық белгісіз жерленеді. Себебі, қала басшылығы мұсылмандардың оның мазарына келіп, тәу етуінен қауіптенеді.

Осылайша, патша үкіметі алдымен ханды, одан кейін тіпті хандық жүйенің өзін де жоқ қылады. орыс тарихшыларының бірі берген анықтамасына сәйкес, қазақ халқының даңқты ұлы сұлтан Арынғазы «қырғыз сұлтандарының ішіндегі жалғыз нағыз патриот, өте адал адам» мерзімінен бұрын қайтыс болады. Арынғазы ханның өмірі мен қызметі, оның халыққа жанқиярлық қызметі Қазақстанның қазіргі қоғамына лайықты үлгі бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. М., 1975, 28 б.
2. Артықбаев Ж. Қазақтың үміті болған Арынғазы хан// <https://e-history.kz/kz/publications/view/4779>
3. Қуаныш Б. Ар жақта дүмбірлеген Арынғазы//<https://qamshy.kz/article/3026-ar-dgaqta-dumbirlegen-arynghazy>
4. БатысҚазақстаноблысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. 375 б.
5. Арынғазы хан Санкт-Петербургте // А.Байтұрсыноватындағы ҚМУ Ғылымихабаршысы. Қоғамдық-гуманитарлықғылымдарсериясы. -Қостанай, 2002. №7-1. - 32-35 б.